

28. Врубаться(түсіну) – бір нәрсеге қатты ойланып, енді ғана түсінгенде осы сленгті пайдаланады. Мысалы: Елена жарты сағат айтып жатқан есебін бір уақытта «ну врубились?» деп оқыстан сұрақ қойып қалды.
29. Ништяк, клево, пантово(өте жақсы) – адамның көңіл күйінен шығатын керемет, тамаша, өте жақсы сияқты сөздердің орнына қолданады. Мысалы: Мегада көрсетіп жатқан «Человек паук 3» фильмінен шыққан адамдар «клевый кино екен!» деп таңғалуда.
30. Труба, мобила(ұялы телефон) – жастар арасында ұялы телефонға байланысты айтады. Мысалы: Әйгерімнің досының жыны ұстап «айналайын, мобилаңды қосып ұстап!» деп айқайлап берді.
31. Гнать(өтірік соғу) – сөз арасында өтірік, жалған сөз айтып, алдаған жағдайда осы сленгті қолданады. Мысалы: Дамирдің көзі жыпылықтап, күлімдеп тұрғанда, Шыңғыс оған «Гонишь что ли? Шыныңды айтсайшы!» деп сұрап қоймады.
32. Слинять, свалить(қашып кету) – белгілі бір жерден құтылу, қашып кету сияқты жағдайларда қолданатын сленг. Мысалы: Рахилия аузы ашылып тындап тұр. Сондағы Алияның айтқан сөздері «кеше общагадан свалили, сосын қалай кірерімізді білмей тұрғанда, артымыздан ырылдаған ит шап берді...»
33. Фуфло(сапасы төмен) – тек затқа айтылатын, сапасының нашарлығын білдіретін сленг. Мысалы: жаңадан алған фотокамерасын көрсетіп жатқан Расулға, Асқар «мынауың просто фуфло ғой» деп бетіне айтып салды.
34. Рамсы(төбелес) – жастар арасында болатын төбелесті осы аталған сленгпен айтады. Мысалы: Линар Америкадан келген досына «Қазақстанда ең көп рамсы болатын қала – Тараз, так что ол жаққа баруға лучше не стоит» деп, әр қалаға сипаттама беруде.
35. Нереально(мүмкін емес) – оқиғаға немесе кез-келген жағдайға таңқаларлықтай сезімін білдіруде қолданатын сленг. Мысалы: Раушан өз жұмыстарының көптігін түсіндіргісі келіп, інісіне «бүгін менде нереально жұмыс көп, сондықтан мен саған көмек бере алмаймын» деді.

Сленг жастар арасында өте жиі қолданылады. Біз жоғарыда оның тек біразын мысал еттік, негізінен сленг өте көп. Ол – қажетсіздік астында қажеттілікке айналған сөз. Біздің нарықғы, көркем ана тіліміздің сөздік қорында сленгтің орнына тиесілі сөздер жетерлік. Алайда, біз оларды қолданудан тартынып, орыс тілінен енген сленгтерді жиірек қолданамыз. Мұның бірден-бір себебі - жастардың дағдарыста, екі тілдің толқынында адасып жүргені. Ұшан теңіз суда өз кемемізді дұрыс бағытқа салмасақ, құзға немесе жарға соғысып, бағдарымыздан аласып, болашағымыз бұлдыр елес болып қалуы мүмкін. Сондықтан есінді жый, қазақтың есіл ерлері!

Қолданылған әдебиет тізімі.

1. «Языковые ситуации и взаимодействие языков» // Сб.ст – Киев: Наукова думка, 1989 – стр. 76-133
2. Croft, William (2000) *Explaining Language Change: An Evolutionary Approach*. Harlow: Longman: 75-6.
3. "http://en.wikipedia.org/wiki/Slang"
4. Beard, Robert (2006) *What is Slang?* alphaDictionary.com, [http://www.alphadictionary.com/articles/what\\_is\\_slang.html](http://www.alphadictionary.com/articles/what_is_slang.html).
5. Серебренников Б.А. «Роль человеческого фактора в языке. Язык и мышление» // Москва: Наука, 1988.
6. «Проблемы двуязычия и многоязычия» // Сб.ст. Москва: Наука, 1972
7. «<http://www.acbro.org/a19.htm>»
8. Guy L. Steele, Eric S. Raymond (1996). in (ed.): *The New Hacker's Dictionary*, 3rd edition, MIT Press.

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ АУРУ АТАУЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТАБУЛАР

**Шойынбет Маржан**  
*Қазақ филологиясы, 3 курс*  
Ғылыми жетекші: Ордабекова Х.А.

Сөз магиясына сену мен әр түрлі әлеуметтік себептердің негізінде қалыптасқан тыйым салынатын сөздердің ерекше бір тобы ауру атауларымен байланысты. Бұл – көптеген халықтарда кездесетін өте кең таралған этнологвистикалық құбылыстардың бірі. Әсіресе, **оба, шешек, қызылша, безгек, тошалаң, мәлік** т.с.с. тез тарайтын әрі адамдар мен малдарды жаппай қырғынға ұшырататын қатерлі дерттердің атын атау сол ауруларды шақырады немесе

ерекшелігін зерттегенде диалектизм мен табуды шатастырмай, олардың бірін екіншісінен ажырата білуіміз керек», - деген пікірінің өте орынды екенін атап өтуді жөн деп есептейміз.

Шешек ауруын табумен байланысты басқаша атау қазақтар секілді басқа да түркі тілдес халықтардың мәдениетінен кездеседі. Мәселен, Н.Исмагуллаевтың келтірген деректеріне қарағанда, өзбектер де шешек ауруын «чечек» деп тура атаудың орнына «гүл» немесе «гүл мома» деген эвфемистік атауларды пайдаланатыны байқалады(1,53).

Шығыс Түркістанда шешекті **бүбі** деп атаса, Ауғанстанда тұратын өзбектер оны **бібі** деп атайтын болған.

Шешек деп аталатын жұқпалы дерттің бірі тілімізде **көкшешек, қарашешек, шешек тигір**(қарғыс) сияқты тізбектері бар. Шешек сөзінің қазақ, басқа түркі халықтарында «өсімдік, түрлі-түсті гүл» деген бастапқы мағынасы бары белгілі. Жұқпалы дерт «шешектен» бөлек мағыналық шеңбері туындаған: Бәйшешек – бүршік жарды; Наурыз шешек – көктемде гүлдейтін өсімдік гүлі секілді тіркестері бар. Мұндай тіркестер **Абаге шешек** (Аталмас шешек) – сөйлейтін қасиеті бар шешек гүлі мағынасы татар тілінде сақталған. Яғни, бұл атау жер бетінде өсетін қасиетті, киелі гүл туралы ой тастайды. Татар халқында сақталған көне аңыз бойынша «жер бетіне таралған өсімдіктер және олардың бағынатын пірі – Шешек ана» өмір сүреді. Оны жер бетінде мекендейтін барлық тірі жан иелері қасиетті санап, қадірлеуі тиіс. Ол үшін, адамдар Шешек анаға арнап мал сою, шелпек пісіру, дұға оқу секілді ырым-жоралғыларды жасап отыруы міндетті еді. Егер мұндай шаралар өткізілмесе, Шешек ананың қаһарына ұшырап қалу қаупі төнген. Ызасының көрінісі ретінде ол әдетте жер бетіндегі адамдарға жұқпалы ауруды(оспа – ғылыми термин) жібереді деген сенім болған екен(2, 64). Құрманәлиева А.М. «Қазақ тіліндегі гамогенді омонимдердің табиғаты».

Бұдан біз ертедегі адамдардың жұқпалы дертті Шешек ананың ызасымен байланыстырғанын көреміз. Аурудан сескенген адамдардың жұқпалы дертті «шешек» деп атауы әбден мүмкін.

И.Лауде-Циртаустың пікірінше, кейбір түркі тілдерінде табудың әсерінен «ауру», «науқас» деген сөздер мүлдем қолданыстан шығып, олардың орнын бөтен тілдерден енген кірме эвфемизмдер басқан. Мысалы, түрік тілінде «ауру», «науқас» деген ұғымдарды араб тілінен енген «**hastalig**» деген сөз алмастырса, өзбек тілінде де араб тілінен кірген «касаллік» немесе парсы тілінен енген «беморлік» сияқты кірме сөздер алмастырады. Мұндай кірме эвфемизмдердің қатарына қазақ тіліне моңғыл тілінен енген «сырқат», парсылардан енген «қақау», «науқас», сол сияқты парсы тілінен енген қырғыз тіліндегі «нооқас», «дарт», «кесел» және моңғол тілінен енген қырғыз тіліндегі «сырқоо» сияқты сөздер жатады.

Адамдарды жалмайтын қатерлі деректермен қатар малдарды қырғынға ұшырататын жұқпалы аурудың атауларына да тыйым салып, олар эвфемизмдермен ауыстырылып отырған. Мәселен, ірі қара малға жаппай келетін әрі өлім-жетімге көп ұшырататын ең қатерлі, ең жұқпалы дерт – мәлік. Бұл тұрғыдан алғанда, топалаң (жылқы мен түйеде – жамандат; ірі қара малда – қараталақ, ошақ; қойда – топалаң; ешкіде – кебенек) да мәлік ауруынан кем соқпайтын.

Сондықтан да болар, жайшылықта, анығырақ айтқанда ол індет жоқ кезде, малға ыза болып қатты ашынған малшы: мәлік келгір, топалаң тигір, жамандатқыр, қараталақ тигір, ошақ болғыр, кебенек келгір сияқты қарғыстарды айтып та жібереді. Ал шындап келгенде, бұл індеттен киелі деп сескенетін, оның атын атауға да қорқатын әрі оған қарсы жасалатын ем-домдар да діни ұғымдармен байланысты болып келетін. Мұның дәлелдері де жоқ емес.

Мәселен, белгілі этнограф Х.Арғынбаевтың келтірген деректеріне қарағанда, мәлік сияқты дерт араласқан малды әулие тұтатын адамдардың бейітіне түнету әдеті болған. Сол сияқты індетті үркіту мүмкіндігіне сенетіндіктен, ауру шыққан малға қасқыр шаба қалса, оны ажыратып алудың орнына «ит-күс араласса, пәленің беті қайтады» деп жайбарақат отыра беретін болған.

Х.Арғынбаев сонымен қатар, *мәлік* пен *топалаңның* қазақ даласында әр түрлі аталып келгендігіне де назар аударып, олардың кейбіреулері, мәселен, мәліктің – «қыз», «кемпір», «ақбайпақ»; топалаңның – «алаң», «секіртпе», «үшпа» сияқты атауларының қалай пайда болғаны жөнінде көкейге қонымды болжамдар жасайды. Мысалы, ол «мәлік» деген дерттің неліктен «қыз», «кемпір», «ақбайпақ» болып аталатыны жөнінде былай дейді: «Мұндай атаулардың шығуы, біріншіден, үй жануарларына өлшеусіз зиянын тигізетін «жалмауыз қыз бен кемпір болыпты» деген ел аузындағы аңыз негізінде ірі қара малды лезде жусатып салатын мәлік індетін жалмауыз қыз бен кемпірге теңегендіктен, «қыз», «кемпір» деген атаулар

ерекшелігін зерттегенде диалектизм мен табуды шатастырмай, олардың бірін екіншісінен ажырата білуіміз керек», - деген пікірінің өте орынды екенін атап өтуді жөн деп есептейміз.

Шешек ауруын табумен байланысты басқаша атау қазақтар секілді басқа да түркі тілдес халықтардың мәдениетінен кездеседі. Мәселен, Н.Исмагуллаевтың келтірген деректеріне қарағанда, өзбектер де шешек ауруын «чечек» деп тура атаудың орнына «гүл» немесе «гүл мома» деген эвфемистік атауларды пайдаланатыны байқалады(1,53).

Шығыс Түркістанда шешекті **бүбі** деп атаса, Ауғанстанда тұратын өзбектер оны **бібі** деп атайтын болған.

Шешек деп аталатын жұқпалы дерттің бірі тілімізде **көкшешек, қарашешек, шешек тигір**(қарғыс) сияқты тізбектері бар. Шешек сөзінің қазақ, басқа түркі халықтарында «өсімдік, түрлі-түсті гүл» деген бастапқы мағынасы бары белгілі. Жұқпалы дерт «шешектен» бөлек мағыналық шеңбері туындаған: Бәйшешек – бүршік жарды; Наурыз шешек – көктемде гүлдейтін өсімдік гүлі секілді тіркестері бар. Мұндай тіркестер **Абаге шешек** (Аталмас шешек) – сөйлейтін қасиеті бар шешек гүлі мағынасы татар тілінде сақталған. Яғни, бұл атау жер бетінде өсетін қасиетті, киелі гүл туралы ой тастайды. Татар халқында сақталған көне аңыз бойынша «жер бетіне таралған өсімдіктер және олардың бағынатын пірі – Шешек ана» өмір сүреді. Оны жер бетінде мекендейтін барлық тірі жан иелері қасиетті санап, қадірлеуі тиіс. Ол үшін, адамдар Шешек анаға арнап мал сою, шелпек пісіру, дұға оқу секілді ырым-жоралғыларды жасап отыруы міндетті еді. Егер мұндай шаралар өткізілмесе, Шешек ананың қаһарына ұшырап қалу қаупі төнген. Ызасының көрінісі ретінде ол әдетте жер бетіндегі адамдарға жұқпалы ауруды(оспа – ғылыми термин) жібереді деген сенім болған екен(2, 64). Құрманәлиева А.М. «Қазақ тіліндегі гамогенді омонимдердің табиғаты».

Бұдан біз ертедегі адамдардың жұқпалы дертті Шешек ананың ызасымен байланыстырғанын көреміз. Аурудан сескенген адамдардың жұқпалы дертті «шешек» деп атауы әбден мүмкін.

И.Лауде-Циртаустың пікірінше, кейбір түркі тілдерінде табудың әсерінен «ауру», «науқас» деген сөздер мүлдем қолданыстан шығып, олардың орнын бөтен тілдерден енген кірме эвфемизмдер басқан. Мысалы, түрік тілінде «ауру», «науқас» деген ұғымдарды араб тілінен енген «**hastalig**» деген сөз алмастырса, өзбек тілінде де араб тілінен кірген «касаллік» немесе парсы тілінен енген «беморлік» сияқты кірме сөздер алмастырады. Мұндай кірме эвфемизмдердің қатарына қазақ тіліне моңғыл тілінен енген «сырқат», парсылардан енген «ақау», «науқас», сол сияқты парсы тілінен енген қырғыз тіліндегі «ноокас», «дарт», «кесел» және моңғол тілінен енген қырғыз тіліндегі «сырқоо» сияқты сөздер жатады.

Адамдарды жалмайтын қатерлі деректермен қатар малдарды қырғынға ұшырататын жұқпалы аурудың атауларына да тыйым салып, олар эвфемизмдермен ауыстырылып отырған. Мәселен, ірі қара малға жаппай келетін әрі өлім-жетімге көп ұшырататын ең қатерлі, ең жұқпалы дерт – мәлік. Бұл тұрғыдан алғанда, топалаң (жылқы мен түйеде – жамандат; ірі қара малда – қараталақ, ошақ; қойда – топалаң; ешкіде – кебенек) да мәлік ауруынан кем соқпайтын.

Сондықтан да болар, жайшылықта, анығырақ айтқанда ол індет жоқ кезде, малға ыза болып қатты ашынған малшы: мәлік келгір, топалаң тигір, жамандатқыр, қараталақ тигір, ошақ болғыр, кебенек келгір сияқты қарғыстарды айтып та жібереді. Ал шындап келгенде, бұл індеттен киелі деп сескенетін, оның атын атауға да қорқатын әрі оған қарсы жасалатын ем-домдар да діни ұғымдармен байланысты болып келетін. Мұның дәлелдері де жоқ емес.

Мәселен, белгілі этнограф Х.Арғынбаевтың келтірген деректеріне қарағанда, мәлік сияқты дерт араласқан малды әулие тұтатын адамдардың бейітіне түнету әдеті болған. Сол сияқты індетті үркіту мүмкіндігіне сенетіндіктен, ауру шыққан малға қасқыр шаба қалса, оны ажыратып алудың орнына «ит-құс араласса, пәленің беті қайтады» деп жайбарақат отыра беретін болған.

Х.Арғынбаев сонымен қатар, *мәлік пен топалаңның* қазақ даласында әр түрлі аталып келгендігіне де назар аударып, олардың кейбіреулері, мәселен, мәліктің – «қыз», «кемпір», «ақбайпақ»; топалаңның – «алаң», «секіртпе», «ұшпа» сияқты атауларының қалай пайда болғаны жөнінде көкейге қонымды болжамдар жасайды. Мысалы, ол «мәлік» деген дерттің неліктен «қыз», «кемпір», «ақбайпақ» болып аталатыны жөнінде былай дейді: «Мұндай атаулардың шығуы, біріншіден, үй жануарларына өлшеусіз зиянын тигізетін «жалмауыз қыз бен кемпір болыпты» деген ел аузындағы аңыз негізінде ірі қара малды лезде жусатып салатын мәлік індетін жалмауыз қыз бен кемпірге теңегендіктен, «қыз», «кемпір» деген атаулар

қалыптасса, екіншіден, мәлік індеті ойда-жоқта кенеттен бұрқ ете қалатын ауру болғандықтан, «байпақтың адам тәрізді жүрісін сездірмейді» деген ұғымның негізінде оны «ақбайпақ» атап атырған болу керек деген топшылау дұрыс сияқты(3,47).

Бұған қосымша халық түсінігі бойынша, «Алла жіберген» ауру індетті шамдандырмау мақсатымен адамда болатын шешек ауруын «әулие» деп айтатыны сияқты мәлік деуден именушіліктің өзі жоғарыда айтылған жанама атаулардың да қалыптасуына белгілі мөлшерде әсерін тигізуі мүмкін».

Малда болатын жұқпалы, қауіпті індет «сибирская язва» әртүрлі айтылады: жылқыда – жамандат, түйеде – қарабез, сиырда – қарасан, қарашалақ, қойда – топалаң, ұшпа, сіреспе. Ал малдағы осы аурудың адамға жұғуы аса қауіпті дерт болып саналады. Сондықтан малдан жұққан мұндай аурулар үрей тудырып, ескі наным-сенім бойынша атауға тыйым салынған болатын.

Халықтың қарапайым наным-түсінігінен туған жұқпалы кеселдің топалаң атауы адамдарда кездесетін түрі табумен байланысты басқаша лексемалармен бірде күйдіргі, бірде түйнеме, бірде жаман жара немесе қағынды деп берілетін болған.

Ә.Хайдаров бұл туралы былай деп жазады: «Примечательно, что эти народные термины смело вводится в обиход научной биологической терминологии, хотя в обратном переводе на русский язык они объединяются в одно общее обозначение – сибирская язва»(4,84).

Топалаң ауруын Қазан татарлары да әйел кейпінде болады деп сенетіндіктен оны тура атамай «мамо», яғни «ана» деп еркелете құрметтеп атайтын болған.

Шындығында, кейбір ғылыми зерттеу жұмыстарында тіл ерекшелігі ретінде қарастырылатын алаң /топалаң/, үш аяқ /қарасан/, ұшпа /топалаң/, сыйпар /мәлік/, тырысқақ /оба/, кемпір /мәлік/, күл /шешек/ сияқты атаулардың жергілікті тіл ерекшеліктерін сипаттайтын сөздер екеніне шек келтіруге болмайды. Алайда олардың халыққа кеңінен танымал, бірақ о баста «Алла жіберген» немесе «киелі» / «иелі» аурулар деген нанымның негізінде тура атауларына тыйым салынған «топалаң», «қарасан», «мәлік», «оба», «шешек» сияқты қатерлі де қорқынышты дерттердің эвфемистік атаулары екеніне де дау айту қиын.

Ақпарат құралдары мен ауызекі тілде аты суық аурулар көбінесе «ауыр науқас», «ұзаққа созылатын ауыр науқас» немесе «жаман ауру» сияқты тігісі жатық, бірақ жалпы ұғымды білдіретін эвфемистік сөз тіркестерімен алмастырылып отыратынын байқау қиын емес. Газет беттерінде қайтыс болған адамдар жөнінде берілетін некрологтар осы айтылғанның дәлелі, өйткені ондай мәтіндер қайтыс болған адамның қандай аурумен ауырғаны атап жазылмайды. Сөз орайы келіп тұрғандықтан айта кету керек, Қазақстанның кейбір жерлерінде алапес ауруын да «жаман ауру» деп атайтын болған.

Ауру атауларын эвфемизмдермен алмастыру көркем шығармаларға да тән. Мәселен, тура атауы әр түрлі эвфемизмдермен ауыстырылатын аурулардың бірі – *құрт ауруы*.

Медицинада бұл атаудың орнына көбінесе *туберкулез* немесе одан да жатықтау латынша атауының қысқарған *tbc* (тэ-бэ-эс) немесе *koh* түрі жиірек қолданылса, көркем шығармаларда: *жөтел ауру, көкірек ауру, жіңішке ауру* сияқты эвфемизмдер жиірек ұшырасады.

Төменгі мысалдардан мұны өте айқын байқауға болады:

Сәт екеумізді тапқан шешеміз, аузынан ақ майды ағызып отырып-ақ, сол *жіңішкегерген науқастан* қаза болған.(М.Әуезов, «Қараш-қараш»).

Бір жаман жері – жеңгесі *жөтел ауру*, сырқаты нашар деп естідім.

Әділғазыдан басқа, бір ұзатылған қызы бар еді, бұдан екі жыл бұрын ол да *көкірек науқасынан* қайтыс болды.

-Екі ай-ақ не қылып

Басқаша ауырып,

Япырмай, докторлар,

Жүрмесін жаңылып.

Соңғы мысал Абайдан. Ұлы ақын бұл өлеңді сүйікті ұлы Абдрахман ауырып жатқанда шығарған. Қатерлі дерттің тура атауын айтуға аузы бармайды. Олай деуге Абдрахманын қимайды. Ол кездерде емі жоқ, бір жабысса, адамды жалмамай тынбайтын жаман аурудың атын атаудан тайсақтап, астарлы эвфемистік тіркеске жүгініп тұрғаны да сондықтан.

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген материалдар атауларына діни нанымдар мен басқа әлеуметтік себептердің негізінде тыйым салынған ауру атаулары мен олардың орнына қолданылатын эвфемизмдерді жан-жақты сипаттай алады деп есептейміз. Ал бұл мәселеге қатысты эвфемизмдердің жасалу жолдарына мән беретін болсақ, біріншіден, қай мәдениетте

кездеспесін оларды тудыратын себептер, негізінен, өте ұқсас болып келетінін, екіншіден, табуға айналған атауды алмастыратын эвфемизмдердің қызметін есімдіктер, туыскандық қарым-қатынасты білдіретін терминдер, катерлі дерттердің айрықша белгілерін сипаттайтын сөздер, бөтен тілдерден енген кірме сөздер, кейбір халықаралық медициналық терминдер, табуға айналған атаумен синонимдес жеке сөздер мен сөз тіркестері атқаратынын атап айту қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

- Исматулаев Н. Эвфемизмы современном узбекском языке. Автореф...дис. На сонск. Канд. Фил. Наук. Ташкент, 1964.
- Арғынбаев Х. Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы этнографиялық очерк // Вопросы этнографий и антропологии Казахстана. – Алматы ғылым: 1962.
- Хайдаров Ә. Культ слова у тюркских народов // Тюркология 1992 №3.

## АБАЙ ҚАТЫСҚАН “ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІ”

Нұрбатырова Ж.

АЮ – «Әділет», ЖҚМ, Құқықтану, ЮК-06-08

Ғылыми жетекші: Қортабаева Г.К.

Даланың билік заңдары салтанат құрып тұрғанда, Шоқан «Сот реформасы жайлы жазбаларын», Абай «Билер ережесін» жазды. Екеуі де көп заманалар бойы қазақ билер сотын өз қоғамына қызмет етіп келе жатқан бірден-бір демократиялық тұрғыдағы әдет-ғұрып заңдарына сүйенген институт екенін көре білді. Абай жазған «Ереже» 1885 жылы бекіді. Оған дейін қазақ даласында үш заң өмір сүріп келді деуге болады. Оның бірі – Ресей патшалығының тапсырмасымен 1822 жылы құрастырылған «Сібір заңдығының жинағы», екіншісі – 1854 жылы шыққан жаңа заң, үшіншісі – 1857 жылы басылып шыққан «Сібір қазақтарының қылмысты ісі» деп аталатын сот заңы қолданылды. Бұл туралы ғұламы ғалым Шоқан Уәлиханов өзінің 1864 жылғы 28 ақпанда Омбыда жазған «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде былай дейді: «1822 жылы Сперанский Сібір заңдығының жинағын құрастырады да, 1824 жылы бұл заң қазақ даласында да қолданылды. «Біздің обылыстағы қазақтардың қазіргі дейін жүргізіліп отырған билер сотын мұқият қарасақ, (ежелгі халық сотының үлгісіне қосылған ешқандай жаналық, өзгеріс жоқ. Орыстың қырық жылдық ықпалына қарамастан, жүз жыл бұрынғы, бәлкім бізге дейінгі мың жыл бұрынғы қылпын сақтап қалған. Сонда халықтың ішкі даму күші де, орыс мекемелері мен заңдары да оның ежелгі қарапайым үлгісін өзгерте алмады [1,57].

Ұлы акын Абай Құнанбаев дана да дара ойшыл, талас-тартыстың ақиқатын бір ауыз сөзге сыйғызған әділетті би болған, қазақ сахарасында алғашқы заң ережелерінің дүниеге келуіне де айрықша ықпал еткен адам. Балаға сыншы әкесі осы баласынан қатты үміт етеді. Сондықтан да Абайды медреседе төрт жыл оқығаннан кейін, оқудан шығарып алып, қасында ұстап, ел басқару ісіне баули бастайды. Құнанбай қажы баласын 6 жасынан бастап қазақ даласындағы атақты Қоянды жәрмеңкесіне алып баратын. Оның әкімшілік орталығы – Қарқаралыда билердің, ақсақалдардың, шешендердің қатысуымен соттар, жиналыстар болып тұратын. Тобықты руының өзінде де тәжірибесі мол ақсақалдар көп болған, Абай солардың да мектебінен өткен. Әкесінің төңірегіндегі ел жақсыларымен араласып, өз халқының рухани мәдениет жүйелерімен жете танысады. Өзі билер үлгісінде шешен сөйлеуге төселеді. Ұтымды сөзімен, әділ билігімен елге танылып, аты шығады. Көп ұзамай, жетпісінші жылдардың бас кезінде Қоңыр Көкше дейтін елге болыс болады. Билікке араласып, біраз тәжірибе жинақтағаннан кейін ол халық тұрмысындағы көлеңкелі жақтарға сәуле түсіруге күш салып бағады. Бірақ онысынан пәлендей көңіл тоятындай нәтиже шығара алмайды. Сондықтан халқына пайдалы деп тапқан істерін көркем сөзбен, әсіресе, өлегмен насихаттамақ болады. Орыс әдебиетімен танысуы көп ықпал етеді [2,234].

Зерттеушілердің айтуынша, 13 жасында Абай өзінің соттық шешімдерін шығара бастаған [3,33]. «Абай жолын» жазып шыққан М. Әуезов бұл туралы былай деп жазған еді: «Ру аралық